

“RG Brands” АҚ
акционерлерінің (жалғыз акционер)
Жалпы жиналысының шешімімен
“БЕКІТІЛГЕН”
20.10.2004ж.
жалпы жиналыстың хаттамасы
(жалғыз акционердің шешімі)

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
2004 ж. "17" 02
ЗАНДЫ ҰЙЫМ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУДЕН
КАЙТА ӨТКІЗІЛДІ
№ 39023-1910-АК Құраулы
Алғашқы тіркелген күні 2004 ж. "17" 03
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ
ПЕРЕРЕГИСТРАЦИЯ ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА
"17" 02 2004 г.
Свидетельство № 39023-1910-АК
Дата первичной регистрации 17 03 2004 г.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ АҚ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫ ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕР
ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАРЫМЕН ЗАНДЫ
№ 12775 БҰЙРЫҒЫ
2004 ж. "12" 10
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ ДЕЯТЕЛЬНЫ
С ВНЕСЕННЫМИ ИЗМЕНЕНИЯМИ И ДОПОЛНЕНИЯМИ
ПРИКАЗ № 4715
2004 г.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН
ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗІЛГЕН
№ 14867 БҰЙРЫҒЫ
2004 ж. "30" 11
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
ВНЕСЕНЫ ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ
В УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ
ПРИКАЗ № 14867
"30" 11 2004 г.

“RG Brands”
акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫ ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕР
ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАРЫМЕН ЗАНДЫ
№ 7811 БҰЙРЫҒЫ
2005 ж. "17" 06
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ ДЕЯТЕЛЬНЫ
С ВНЕСЕННЫМИ ИЗМЕНЕНИЯМИ И ДОПОЛНЕНИЯМИ
ПРИКАЗ № 7811
"17" 06 2005 г.

03 04 09
010340 003839

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫ ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕР
ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАРЫМЕН ЗАНДЫ
№ 6101 БҰЙРЫҒЫ
2006 ж. "11" 05
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ ДЕЯТЕЛЬНЫ
С ВНЕСЕННЫМИ ИЗМЕНЕНИЯМИ И ДОПОЛНЕНИЯМИ
ПРИКАЗ № 6101
"11" 05 2006 г.

1. Жалпы ережелер

1. “RG Brands” акционерлік қоғамының (бұдан былай- қоғам) осы Жарғысы оның атауын, орналасқан жерін, қалыптасудың тәртібін және оның органдарының құзыретін, оның қызметін қайта құрудың және тоқтатудың шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа ережелерді айқындайды.

1. Қоғамның толық атауы:

- казак тілінде: “RG Brands” акционерлік қоғамы;
- орыс тілінде: акционерное общество “RG Brands”;

3. Қоғамның қысқартылған атауы:

- казак тілінде: “RG Brands” АҚ;
- орыс тілінде: АО “RG Brands”;

4. Қоғамның және оның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 480061, Алматы қ., Алмалы ауданы, Рахымбек даңғылы, 212-Б.

5. КҰЖЖ 39460628, ЭҚЖЖ 15320, С ІН 600400087818.

2. Қоғамның заңды мәртебесі

2.1. Қоғам Қазақстан республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, дербес балансы, банктік шоттары бар, өз атынан мүлкілік және жеке мүлкілік емес құқықтарды алуға, міндеттерді көтеруге және солға талапкер және жауапкер болуға құқылы.

2.2. Қоғамның мөрге, өз атауы бар бланктерге және оның қызметін атқаруға қажетті өзге де деректемелерге ие.

2.3. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Заңнамасын және осы Жарғыны басшылыққа алады.

2.4. Қоғам Қазақстан Республикасының Заңнамасымен белгіленген тәртіпте заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуға құқылы.

2.5. Қазақстан Республикасының Заңнамалық актілермен қарастырылған тәртіпте, қоғам ол орналасқан жерден тыс заңды тұлға болып табылмайтын және олар туралы Ереженің негізінде қоғамның тапсырысы бойынша және оның атынан әрекет ететін филиалдарды (өкілдіктер) құруға құқылы.

3. Қоғамның және акционерлердің жауапкершілігі

3.1. Қоғам өзіне қатысты мүлкінің шегінде өзінің міндеттемелері бойынша жауапкершілік көтереді.

3.2. Қоғам өзінің акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауапкершілік көтермейді. Акционерлер қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған жағдайлардан басқа кездері өздеріне тиесілі акциялар құнының шегінде Қоғам қызметімен байланысты шығын қаупін көтереді.

3.3. Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сондай-ақ мемлекет те қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

4. Қоғам қызметінің негізгі түрлері

4.1. Қызметтің негізгі түрлері мыналар болып табылады:

- тамақ өнімдерін өндіру, сонымен қатар өзге де өнімдер;
- тамақ өнімдерін көтерме және бөлшек саудамен сату, сонымен қатар өзге де өнімдер;
- кафе, бар, мейрамхана және қоғамдық тамақтанудың басқа да орындарын, дүкендерді ұйымдастыру;
- хылық тұтынатын тауарлар, тамақ өнімдерінің экспорты және импорты, сонымен қатар өзге де экспорт-импорт операциялары;
- Қазақстан Республикасының ішінде және табиғи монополиялардың қызмет саласына қатысы жоқ одан тысқары жерлерде теміржол, автомобиль, кеме және әуе жолдарымен жүктерді тасымалдау бойынша көліктік-экспедиторлық қызмет көрсету;
- құрылыс, жөндеу-құрылыс, әрлеу және жинақтау жұмыстары, құрылыс материалдарын өндіру және сату;
- кондитер өнімдерін өндіру;
- жарнамалық-ақпараттық қызмет;
- маркетингтік қызмет;
- бәсекеге қабілетті өнімдерді шығару бойынша оған технологияларды, бірлескен кәсіпорындарды құру мақсатымен инвестициялауды жүргізу;
- коммерциялық және делдалдық қызмет;
- жеке және заңды тұлғаларға қызмет көрсету;
- жылжымайтын және жылжитын мүліктермен байланысты операциялар;
- инновациялық қызмет;

- кез-келген түрдегі қызметтер мен жұмыстарды көрсету және орындау, атап айтқанда:
 - машиналарды, механизмдерді, жабдықтарды, бағдарламалық құралдарды және басқа техниканы сатып алу, жеткізу, сату, орнату, жасау, өндіру, енгізу, пайдалану, жөндеу және оларға сервистік қызмет көрсетуді қосқанда, техникалық, ұйымдастырушылық, көліктік, сервистік және пайдалану қызметтері;
 - шикізатті, ауылшаруашылық, өнеркәсіптік тауарларды және жартылай фабрикаттарды, қайта өңделген шикізаттарды, машиналарды және жабдықтарды, өндірістік тауарларды, отындарды және құрылыс материалдарын, басқа тауарларды сату және көтерме және бөлшек саудасын қосқанда, сауда саласында делдалдық қызмет;
 - Қоғам мүддесіне жауап беретін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да қызметтер.
- 4.2. Қоғам сыртқы экономикалық қызметтің барлық түрлерін заңнамамен белгіленген тәртіпте жүргізеді.
- 4.3. Қоғам азаматтық құқықтарға не және осы Жарғымен қарастырылған және заңнамалық актілермен тыйым салынбаған қызмет түрлерін атқаруға қажетті азаматтық міндеттерді көтереді.
- 4.4. Тізімі заңнамалық актілермен анықталатын жеке қызмет түрлерімен Қоғам арнайы рұқсаттың (лицензия) негізінде ғана айналыса алады. Белгіленген қызмет түрлерін атқаруға берілген лицензияның шарттарында басқа қызмет түрлерін атқаруға шектеулер қойылса, лицензияның жарамды мерзімінде Қоғам лицензияда көрсетілген қызмет түрлерін, сонымен қатар онымен сәйкес келетін қызмет түрлерін ғана атқаруға құқылы болады.

5. Қоғамның мүлкі және капиталы

- 5.1. Қоғамның мүлкі мыналардың есебінен құралады:
- 1) қоғам акцияларын төлеу үшін акционерлермен берілген мүлік;
 - 2) қызмет атқару барысында қол жеткізген табыстар;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған негіздер бойынша иеленетін өзге мүліктер.
- 5.2. Акционерлермен (акционермен) төленген Қоғамның жарғылық капиталы 1 800 000 000 (бір миллиард сегіз жүз миллион) теңгені құрайды.
- 5.3. Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайту акционерлердің (акционердің) жалпы жиналысының немесе соттың шешімімен Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте акцияларды шығару және орнықтыру жолымен рұқсат етіледі.
- 5.4. Қоғамның қызметін қамтамасыз ету үшін мөлшері 1 800 000 000 (бір миллиард сегіз жүз миллион) теңге болатын жарғылық капиталы құрылды. Жарғылық капитал құрылтайшылармен әрқайсысының номиналдық құны 1000 (мың) теңге мөлшері 1 800 000 (бір миллион сегіз жүз мың) дана болатын шығаруға жарияланған акцияларды төлеу арқылы құрылды.
- 5.5. Жарғылық капитал Қоғамның Жарғысын жана редакцияда мемлекеттік бекіту мерзімінде акционерлермен (акционермен) толық төленді.
- 5.6. Жарғылық капиталды төлеу Қоғамға акция, мүлік, мүліктік құқықтарды табыстау арқылы және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларымен тыйым салынбаған өзге жолдармен төлеу рұқсат етіледі.

6. Акциялар, облигациялар.

Бағалы қағаздарды орналастырудың шарттары. Акционердің құқықтары

- 6.1. Бекітілген және акционерлермен (акционермен) төленген жарғылық капиталдың мөлшерін есепке ала отырып, Қоғам 1 800 000 (бір миллион сегіз жүз мың) жай акция шығарды.
- 6.2. Қоғамның акционерлері (акционері) шығаруға жарияланған барлық акцияларды толық төледі және номиналдық құны бойынша жалпы сомасы 1 800 000 000 (бір миллиард сегіз жүз миллион) теңге болатын, яғни 100% құрайтын 1 800 000 (бір миллион сегіз жүз мың) жай акцияға деген меншік құқығын иеленді.
- 6.3. Қоғамның акционерлері (акционері) олармен сатып алынған Қоғамның жай акцияларының құнын толық төлегеннен кейін оның акционерлері болып табылады және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларымен және осы Жарғының ережелерімен қарастырылған Қоғам акционерлерінің құқықтары мен міндеттеріне ие болады.
- 6.4. Қоғамның жарияланған акцияларының жалпы санының 51 пайызын құрайтын акциялар бумасы бақылаушы болып табылады.
- 6.5. Жай акция акционерге дауыс беруге шығарылатын барлық мәселелерді шешуде дауыс беру құқығымен акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығын, қоғамда таза табыс болған жағдайда акционерлердің жалпы жиналысының сәйкес шешімінің негізінде дивидендтер алу құқығын, сонымен қатар қоғам таратылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте қоғам мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.

- 6.6. Акцияларды шығарудың, орналастырудың және акциялар айналымының шарттары мен тәртібі, сонымен қатар жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу акциялар шығарылымының проспектісімен анықталады.
- 6.7. Акционер «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңның 9-бабына сәйкес келесі құқықтарға ие:
- дауыс беруге салынаын барлық мәселелерді шешу кезінде дауыс беру құқығымен акционерлердің жалпы жиналысына қатысу;
 - қоғамда таза кіріс болған жағдайда дивидендтерді алу;
 - қоғам тараған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте қоғам мүлкінің бір бөлігін алуға;
 - қоғам артықшылықты акцияларды шығару туралы шешім қабылдаған жағдайда, артықшылық акцияларының иегерлері акционерлер-жай акция иегерлерінің алдында қоғам жарғысымен алдынала белгіленген кепілдік берілетін мөлшерде дивидендтерді алуға және қоғам тараған жағдайда, «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңмен белгіленген мүлкінің бір бөлігін алуға артықшылық құқығына ие болады;
 - «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңмен, осы жарғымен қарастырылған тәртіпті қоғамды басқаруға қатысуға;
 - қоғам қызметі туралы ақпарат алуға, соның ішінде акционерлердің жалпы жиналысы немесе осы жарғымен белгіленген тәртіпте қоғамның қаржы қызметімен танысуға;
 - тіркеушіден немесе номинал ұстаушыдан бағалы қағаздарға деген меншік құқығын растайтын үзінді жазбаны алуға;
 - қоғамның директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатураларды акционерлердің жалпы жиналысына ұсынуға;
 - қоғам органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібінде даулауға;
 - қоғам қызметі туралы жазбаша сұраулар беруге, сұрау қоғамға келіп түскен кезден бастап отыз күннің ішінде дәлелді жауаптар алуға;
 - акцияларды немесе қоғамның акцияларға айырбасталатын басқа бағалы қағаздарын «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңмен белгіленген тәртіпте артықшылықпен сатып алу құқығына.
- Ірі акционердің қосымша құқықтары
- акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда сотқа шағыммен баруға;
 - осы Заңға сәйкес директорлар кеңесіне акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізу туралы ұсыныс жасауға;
 - директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
 - аудиторлық ұйымның қоғам аудитін өз есебінен жүргізуін талап етуге.
- 6.8. Акционерлердің құқықтары мен міндеттерінің тізімі Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңымен анықталады (одан әрі - Заң).

7. Таза табысты бөлудің тәртібі. Акциялар бойынша дивидендтер

- 7.1. Қоғамның таза табысы (салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін) қоғамның ісінде қалады және акционерлердің/жалғыз акционердің жалпы жиналысының шешімімен белгіленген тәртіпте қаржы жылының қортындылары бойынша, сонымен қатар дивидендтерді төлеуге бөлінеді. Қалған бөлігі қоғамның дамуына немесе акционерлердің/жалғыз акционердің жалпы жиналысының шешімімен қарастырылған өзге мақсаттарға жұмсалады.
- 7.2. Акционерлердің/жалғыз акционердің жалпы жиналысы жыл соңында жай акциялар бойынша дивидендтер төлеудің мақсаттылықтың жоқтығы жайлы шешім қабылдауға құқылы.
Дивидендтерді төлеу жылына бір рет жүргізіледі.
- 7.3. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер төлеу рұқсат етілмейді:
- 1) жеке капиталы теріс көлемде немесе жеке капиталдың көлемі акциялар бойынша дивидендтер төлеу жүргізгеннен кейін теріс болатын болса;
 - 2) егер онда Қазақстан Республикасының банкрот туралы заңнамасына сәйкес төлеуге қабілетсіздік немесе дәрменсіздік белгілері көрінетін болса, не болмаса айтылған белгілер қоғам өзінің акциялары бойынша дивидендтер төлегеннен кейін шығатын болса;
 - 3) егер сот немесе акционерлердің Жалпы жиналысы қоғамды тарату жайлы шешім қабылдаса.

8. Қоғамды басқару

8.1. Қоғамның органдары:

- 1) жоғарғы орган - Акционерлердің жалпы жиналысы (егер қоғамның дауыс беретін барлық акциялары бір акционерге жататын болса - жалғыз акционер);
- 2) басқару органы - Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган - Басқарма.

9. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы

9.1. Акционерлердің жалпы жиналысы кезекті және кезектен тыс болып бөлінеді. Қоғам жыл сайын акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізуге міндетті. Қоғам акционерлерінің өзге жиналыстары кезектен тыс болып саналады.

9.2. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында қоғамның жылдық қаржы есебі бекітіледі, өткен қаржы жылына қоғамның таза табысын болудің тәртібі және бір жай акцияға есептеле отырып, дивидендтің мөлшері анықталады.

9.3. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қаржы жылы біткеннен кейін бес айдың ішінде өткізілуі тиіс. Есеп беру мерзімінде қоғамның аудитін жүргізуді аяқтау мүмкін болмаса, көрсетілген мерзім үш айға ұзартылуы мүмкін.

9.4. Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- 1) қоғам жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) қоғамды еркімен қайта құру немесе тарату;
- 3) қоғамның жарияланған акцияларының санын өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 4) есеп жүргізетін комиссияның сандық құрылымын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін тағайындау және мерзімнен бұрын өкілеттіктерін тоқтату;
- 5) Директорлар кеңесінің сандық құрылымын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін тағайындау және мерзімнен бұрын өкілеттіктерін тоқтату, сонымен қатар Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақылардың мөлшерін және төлеудің шарттарын белгілеу;
- 6) қоғамның аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымды белгілеу;
- 7) жылдық қаржы есептемені бекіту;
- 8) қоғамның бизнес-жоспарын бекіту;
- 9) есеп берілген қаржы жылы үшін таза табысты болудің тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және жыл қорытындысы бойынша қоғамның бір жай акциясына қарай дивидендтің мөлшерін бекіту;
- 10) қолданыстағы заңнамамен қарастырылған жағдайлар болған жағдайда қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеуі туралы шешім қабылдау;
- 11) активтердің құнына байланысты, активтің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін табыстау арқылы өзге заңды тұлғаларды құруға қатысу және олардың қызметіне қатысу туралы шешім қабылдау;
- 12) қатысу туралы шешім акционерлердің жалпы жиналысымен қабылданған өзге заңды тұлғаларды қызметіне қатысудан шығу туралы шешім қабылдау;
- 13) ірі мәселелер және оны жасауда қоғамның мүдделері бар мәмілелерді жасау туралы шешімдерді қабылдау;
- 14) қоғамның міндеттерін жеке капиталының мөлшерінен он немесе одан да көп пайызды құрайтын сомаға ұлғайту туралы шешім қабылдау;
- 15) акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы қоғамның акционерлерге хабар беруінің түрін белгілеу және ондан хабарламаны бастап басылымдарында орнықтыру туралы шешім қабылдау;
- 16) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамаға сәйкес қоғамның акцияны сатып алуда акция құнын белгілеу әдісін бекіту;
- 17) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- 18) қоғам қызметі туралы акционерлерге ақпаратты ұсынуудың тәртібін белгілеу, сонымен қатар егер ондай тәртіп қоғам жарғысымен белгіленбесе, бастап басылымын анықтау;
- 19) «алтын акцияны» енгізу және жою;
- 20) шешімдерді қабылдау осы жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер

Осы Жарғының 1)-3) тармақтарында көрсетілген мәселелер бойынша акционерлер жалпы жиналысының шешімі қоғамның дауыс беру акцияларының жалпы санының мамандандырылған көпшілігімен қабылданады.

Қалған мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері дауыс беруге қатысып отырған қоғамның дауыс беру акцияларының жалпы санының көпшілік жай даусымен қабылданады.

9.5. Қоғамда ірі мәміле деп танылады:

- 1) мәміле немесе өзара байланысы бар мәмілелердің жиынтығы, егер солардың нәтижесінде қоғаммен бағалы қағаздарды есептемегенде, мүлік және/немесе құны төленген жарғылық капиталдың 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын қызметтер сатып алынатын немесе шеттетілетін болса;
- 2) мәміле немесе өзара байланысы бар мәмілелердің жиынтығы, егер солардың нәтижесінде қоғаммен құны қоғам активтерінің жалпы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын бағалы қағаздар сатып алынатын немесе шеттетілетін болса;
- 3) мәміле немесе өзара байланысы бар мәмілелердің жиынтығы, егер солардың нәтижесінде қоғаммен орналастырылған бағалы қағаздардың жалпы санының жиырма бес және одан да көп пайыз мөлшеріндегі оның орнықтырылған бағалы қағаздары немесе онымен сатып алынған бағалы қағаздары сатылса.

9.6. Егер Қазақстан Республикасының заңнамаық актілерімен өзге нәрсе қарастырылмаса, акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді, шешімді

қабылдауды басқа органдардың лауазымды тұлғалардың және қоғам жұмыскерлерінің құзыретіне табыстау рұқсат етілмейді.

9.7. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы директорлар кеңесімен шақырылады. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы мыналардың бастамасы бойынша шақырылады:

- 1) директорлар кеңесінің;
- 2) ірі акционердің.

9.8. Еркін таралып жатқан Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы қоғамның тарату комиссиясымен шақырылуы, дайындалуы және өткізілуі мүмкін.

9.9. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын міндетті түрде шақырудың жағдайлары қарастырылуы мүмкін.

9.10. Акционерлердің жалпы жиналысын дайындау және өткізу мыналармен орындалады:

- 1) атқарушы органмен;
- 2) онымен жасалған шарттарға сәйкес қоғамды тіркеушімен;
- 3) директорлар кеңесімен;
- 4) қоғамның тарату комиссиясымен.

9.11. Заңмен белгіленген жағдайлардан басқа, акционерлердің жалпы жиналысын дайындау және өткізу бойынша шығындарды қоғам көтереді.

9.12. Қоғам органдары акционерлердің жалпы жиналысын шақырудың тәртібін бұзған жағдайда, акционерлердің жалпы жиналысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот шешімінің негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

9.13. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқылы акционерлердің тізімі қоғам акцияларын ұстаушылардың реестрінің негізінде қоғамның тіркеушісімен құрастырылады. Айтылған тізімді құрастырудың мерзімі директорлар кеңесімен белгіленеді және жалпы жиналысты өткізу туралы шешімді қабылдаудың мерзімінен ерте бола алмайды.

9.14. Акционерлерге ("алтын акцияның" иегері) жалпы жиналысты өткізу туралы хабарлама жиналысты өткізгенге дейін отыз күн бұрын, ал сырттай немесе аралас дауыс беру кезінде қырық бес күн бұрын жеткізілуі керек.

9.15. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама баспа басылымдарында жариялануы керек және (немесе) акционерге ("алтын акцияның" иегері) оған жазбаша хабарламаны жіберу арқылы жеткізілуі керек. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламаны өзге де бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тарату рұқсат етіледі.

9.16. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі директорлар кеңесімен құралады және ол қарастыруға шығарылатын нақты тұжырымданған мәселелердің тізімінен құралуы керек. Егер қоғамның акционерлері жалпы жиналысты өткізгенге он бес күнге дейін толықтырулар жайлы хабардар болса, акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі ірі акционермен немесе директорлар кеңесімен толықтырылуы мүмкін.

9.17. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту жиналысқа шығарылған дауыс беретін қоғам акцияларының жалпы санының көпшілік даусымен жүргізіледі. Егер күн тәртібіне өзгертулер мен толықтыруларды енгізу үшін акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған және қоғамның дауыс беру акцияларының жиынтығында тоқсан бестен кем емес пайызын иеленетін акционерлердің көпшілігі дауыс берсе, онда күн тәртібіне өзгертулер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.

9.18. Акционерлердің жалпы жиналысы оның күн тәртібіне қойылмаған мәселелерді қарастыруға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

9.19. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар жиналысты өткізгенге дейін он күннен кем емес мерзімде акционерлердің танысуы үшін дайын болуы керек және онда ол мәселелер бойынша орынды шешімдер қабылдау үшін қажетті ақпарат болуы керек.

9.20. Жиналыс қатысушыларын тіркеудің аяқталу мерзімінде оған қатысу үшін жиынтығында қоғамның дауыс беру акцияларының елу немесе одан көп пайызына ие акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелсе, акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелерді қарастыруға және ол бойынша шешім қабылдауға құқылы болады.

9.21. Акционерлердің өткізілмеген жиналысының орнына қайта өткізілетін жалпы жиналыс күн тәртібіндегі мәселелерді қарастыруға және олар бойынша шешім қабылдауға мына жағдайларда құқылы болады:

1) кворумның болмау себебінен өткізілмеген акционерлердің жалпы жиналысын шақырудың тәртібі сақталған жағдайда;

2) тіркеу аяқталатын уақытта онда қатысу үшін жиынтығында қоғамның дауыс беру акцияларының қырық немесе одан көп пайызына ие акционерлер (немесе олардың өкілдері) тіркелсе.

9.22. Акционерлердің жалпы жиналысын ашқанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге өкілдігін растайтын сенімхатты көрсетуі керек. Тіркеуден өтпеген акционер (оның өкілі) кворумды анықтауда есептелмейді және дауыс беруге қатыса алмайды.

9.23. Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған жағдайда жарияланған уақытта ашылады. Барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркелсе, хабарланса және жиналысты ашудың уақытын

өзгертуге қарсы болмаған жағдайдан басқа кездері акционерлердің жалпы жиналысы жарияланған уақыттан бұрын ашыла алмайды.

9.24. Акционерлердің жалпы жиналысы жалпы жиналыстың төрағасының және хатшысының сайлауын өткізеді.

9.25. Акционерлердің жалпы жиналысы дауыс берудің нысанын ашық немесе жасырын (бюллетеньдер бойынша) дауыс беруді анықтайды. Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасын және хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беруде әрбір акционер бір дауысқа ие, ал шешім қатысып оытргандардың жай көпшілік даусымен қабылданады.

9.26. Жиналысқа қатысып отырған акционерлердің барлығы атқарушы органға кіретін жағдайдан басқа, атқарушы органның мүшелері акционерлердің жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды.

9.27. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу барысында оның төрағасы қарастырылып жатқан мәселе бойынша тартысты тоқтату, сонымен қатар ол бойынша дауыс берудің әдісін өзгерту туралы ұсынысты дауыс беруге шығара алады. Төраға акционерлердің жалпы жиналысының уақытын бұзуға әкелетін немесе ол мәселе бойынша тартыс тоқтатылған жағдайдан басқа, күн тәртібіндегі мәселені қарастыруда қатысуға құқығы бар тұлғалардың сөз сөйлеуіне кедергі жасауға құқығы жоқ.

9.28. Акционерлердің жалпы жиналысы өз жұмысын тоқтату және жұмыс мерзімін ұзарту туралы, сонымен қатар акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі жеке мәселелерді қарастыруды келесі күнге көшіру туралы шешімді қабылдай алады.

9.29. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі барлық мәселелерді қарастырғаннан кейін және олар бойынша шешім қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жариялана алады.

9.30. Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілген мәліметтердің растығына және толықтығына жауап береді.

9.31. Акционерлердің жалпы жиналысындағы дауыс беру “бір акция-бір дауыс” қағидасы бойынша жүргізіледі, мына жағдайлардан басқа:

1) Қазақстан Республкасының заңнамалық актілерімен қарастырылған жағдайларда бір акционерге ұсынылатын акциялар бойынша дауыстардың максималды санын шектеу;

3) директорлар кеңесінің мүшелерін тағайындауда кумулятивті дауыс беру;

4) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге құқылы тұлғаға акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің процедуралық мәселелері бойынша бір дауыстан беру.

9.32. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін үш жұмыс күнінің ішінде құрастырылып, қол қойылуы керек.

9.33. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы дауыс берудің қорытындылары туралы хаттамалармен, жалпы жиналысқа қатысу және онда дауыс беру құқығын беретін сенімхаттармен, сонымен қатар хаттамаға қол қою және хаттамаға қол қоюдан бас тартудың себебін жазбаша түсіндірумен бірге тігіледі. Айтылған құжаттар атқарушы органға сақталады және кез-келген уақытта акционер танысу үшін ұсынылуы керек. Акционердің талабы бойынша оған акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасының көшірмесі ұсынылады.

9.34. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс берудің қорытындылары “Казахстанская правда” және/немесе “Егемен Қазақстан” газеттерінде шығады.

9.35. Егер қоғамның барлық дауыс беру акциялары бір акционерге жағатын болса, акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмейді. Заңмен және осы жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер ол акционермен жеке қабылданады және жазбаша түрде ресімделуге жатады.

10. Қоғамның директорлар кеңесі

10.1. Директорлар кеңесі заңмен және осы жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелерден басқа, қоғамның қызметіне жалпы басшылықты қоғамның атқарады.

10.2. Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:

1) қоғам қызметінің басты бағыттарын белгілеу;

2) Акционерлердің жылдық және кезектен тыс жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;

3) қоғамның акцияларын орнықтыру және жарияланған акциялар шегінде орнықтырудың бағасы туралы шешім қабылдау;

4) қоғаммен орнықтырылған акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдау;

5) қоғамның жылдық қаржы есебін алдын-ала бекіту;

6) жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және есептелген қаржы жылының төленетін дивидендтерін қоспағанда бір жай акцияға дивиденд мөлшерін белгілеу;

7) атқарушы органының сандық құрамын, өкілеттілігінің мерзімін белгілеу, оның басшылары мен мүшелерін тағайындау және мерзімнен бұрын олардың өкілеттігін тоқтату;

8) қоғам басқармасының лауазымдық жалақысының мөлшерін, еңбек ақысын төлеудің және тұлғаға сыйақы берудің шарттарын белгілеу;

9) ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметіндегі жұмыскерлердің еңбек ақысының және оларға сыйақы берудің мөлшерін және шарттарын белгілеу;

- 10) бағалаушы және аудиторлық ұйым қызметінің жамақасының мөлшерін белгілеу;
 - 11) қоғамның сактык капиталын пайдаланудың тәртібін белгілеу;
 - 12) қоғамның ішкі қызметін реттеуін құжаттарды бекіту (қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы органмен қабылданатын құжаттардан басқа);
 - 13) қоғамның филиалдарын және өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау, және олар туралы ережені бекіту;
 - 14) қоғамның міндеттемелерін оның жарғылық капиталының он немесе одан да көп пайызын құрайтын мөлшерге ұлғайту;
 - 15) алдыңғы тіркеушімен шарт бұзылған жағдайда, қоғам тіркеушісін таңдау;
 - 16) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты белгілеу;
 - 17) мәміле немесе мәмілелердің жиынтығын жасау туралы шешім қабылдау, солардың нәтижесінде бағалы қағаздар және/немесе 5 000 000 (бес миллион) теңгеден төленген жарғылық капиталдың 10 (он) пайызына ісінгі қызметтер болып табылмайтын мүлік қоғаммен сатып алынса немесе шеттетілсе;
 - 18) комитеттерді құру туралы шешім қабылдау, олардың сандық құрамын бекіту, комитет мүшелерін, сонымен қатар комитеттердің ішкі қызметінің тәртібін қарастыратын құжаттарды бекіту;
 - 19) осы жарғымен қарастырылған және акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылмаған өзге мәселелер.
- 10.3. Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелер атқару органының шешілуіне жіберілмейді.
- 10.4. Директорлар кеңесі қоғам жарғысына сәйкес оның атқарушы органының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сонымен қатар акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қатына келетін шешімдерді қабылдауға құқығы жоқ.
- 10.5. Директорлар кеңесінің мүшесі болып тек жеке тұлға бола алады. Директорлар кеңесінің мүшелері мыналардың арасынан сайланады:
- 1) акционерлер жеке тұлғалар;
 - 2) акционерлердің мүдделерін танытатын өкілдер ретінде директорлар кеңесіне ұсынылған тұлғалар;
 - 3) басқа тұлғалар (Заңмен белгіленген шектеулерді есепке ала отырып).
- 10.6. Директорлар кеңесінің мүшелерінің сайлауы кумулятивтік дауыс беру арқылы жүзеге асады. Акционер оған тиесілі акциялар бойынша дауыстарды директорлар кеңесіне сайланатын толықтай бір үміткерге бере алады немесе бірнеше үміткерлер арасында үйлестіре алады. Директорлар кеңесіне сайланған болып дауыстардың көп бөлігін алған үміткерлер табылады. Директорлар кеңесіне сайланатын бір немесе одан да көп үміткерлер бірдей дауыс санын жинаса, осы үміткерлерге қатысты қосымша дауыс беру жүргізіледі.
- 10.7. Директорлар кеңесі ағаш мүшеден тұрады.
- 10.8. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе атқарушы органының бастамасымен не болмаса мыналардың талабы бойынша шақырылуы мүмкін:
- 1) директорлар кеңесінің кез-келген мүшесімен;
 - 2) қоғамның ішкі аудит қызметімен;
 - 3) қоғамның аудитын жүргізетін аудиторлық ұйыммен;
 - 4) ірі акционермен.
- 10.9. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап директорлар кеңесіндегі отырысында ұсынылатын күн тәртібі көрсетілген сәйкесініңше жазбаша хабарламаны жіберу арқылы директорлар кеңесінің төрағасына ұсынылады. Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартса, бастамашы айтылған талабымен директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті атқарушы органға жүгінеді.
- 10.10. Директорлар кеңесінің отырысы шақыру туралы талап түскеннен кейін он күннен кешіктірмей директорлар кеңесінің төрағасымен немесе атқарушы органмен шақырылуы керек.
- 10.11. Директорлар кеңесін өткізу туралы жазбаша хабарлама отырыстағы күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдардың қосымшасымен отырысты өткізгенге дейін үш күннен кешіктірілмей директорлар кеңесінің мүшелеріне және "алтын акция" иесіне жіберілуі керек.
- 10.12. Директорлар кеңесін өткізу үшін қажетті кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының 50 және одан да көп пайызын құрайды.
- 10.13. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесінің шешімдері, Заңмен өзге нәрсе қарастырылмаса, отырысқа қатысып отырған директорлар кеңесінің мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда директорлар кеңесінің төрағасының даусы шешуші болып табылады.
- 10.14. Директорлар кеңесінің сырттай отырыстарының шешімдері жазбаша түрде ресімделуі керек және ол шешімді қабылдауға жеткілікті мөлшерде директорлар кеңесі мүшелерінің қолдары болған жағдайда заңды болып табылады. Қалыңты түрде өткізілген отырыста қабылданған директорлар кеңесінің шешімдері отырыста төрағалық еткен тұлғамен және директорлар кеңесінің хатшысымен отырыс өткізілгеннен кейін үш күннің ішінде құрастырылған және қол қойылған хаттамамен ресімделеді.

- 10.15. Директорлар кеңесі отырысының хаттамалары және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған директорлар кеңесінің шешімдері қоғамның мұрағатында сақталады.
- 10.16. Директорлар кеңесінің хатшысы директорлар кеңесі мүшесінің талабы бойынша, ол танысу үшін, директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерін ұсынуы керек және (немесе) қоғамның уәкілетті тұлғасының қолымен куәландырылған және қоғамның мөрі қойылған хаттамалап үзінділерді және шешімдерді беруі керек.
- 10.17. Директорлар кеңесі мүшелерін және оның төрағасын тағайындаудың тәртібі колданыстағы заңнаманың нормаларымен анықталады.
- 10.18. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерімен белгіленеді.
- 10.19. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау жүргізлетін акционерлердің жалпы жиналысын өткізу мерзімінде бітеді.
- 10.20. Акционерлердің жалпы жиналысы директорлар кеңесінің барлық немесе жеке мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімнен бұрын тоқтатуға құқылы.
- 10.21. Директорлар кеңесінің шешімдері олардың отырыстарында қабылданады. Отырыстарды шақырудың, дайындаудың және өткізудің тәртібі Қазақстан Республикасының колданыстағы заңнамасының нормаларымен анықталады.
- 10.22. Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша директорлар кеңесінің шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылдана алады.
- 10.23. Директорлар кеңесінің сырттай отырыстарының шешімдері жазбаша түрде ресімделуі керек және ол шешімді қабылдауға жеткілікті мөлшерде директорлар кеңесі мүшелерінің колдары болған жағдайда заңды болып табылады.

11. Қоғамды басқару

- 11.1 Басқарма қоғамның ағымдағы қызметіне басшылық етеді. Ол заңнамамен және осы Жарғымен қоғамның басқа органдарының және лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған қоғам қызметінің кез-келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.
- 11.2 Басқарма қоғам атынан әрекет етеді, сонымен қатар оның мүдделерін танытады, қоғам атынан осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте нәтижесінде бағалы қағаздар және/немесе 5 000 000 (бес миллион) теңгеге дейінгі қызметтер болып табылмайтын мүлік қоғаммен сатып алынатын немесе шеттетілетін мәміле немесе мәмілелердің жиынтығын жасайды, осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген шекте қоғам жұмыскерлерімен орындалуы міндетті шешімдерді (қаулылар) шығарады және нұсқауларды береді.
- 11.3 Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және осы Жарғымен қоғамның басқа органдарының және лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған қоғам қызметінің кез-келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы.
- 11.4 Басқарма акционерлердің жалпы жиналысының және директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.
- 11.5 Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес қоғамның директорлар кеңесінің шешімімен тағайындалады. Басқарма мүшелері болып акционерлер және оның акционерлері болып табылмайтын қоғам жұмыскерлері бола алады.
- 11.6 Қоғам басқарманың қоғаммен белгіленген шектеулерді бұзып жасаған мәмілелердің заңдылығын даулай алады. Ол үшін қоғам мәміле жасаған уақытта тараптар шектеулер туралы білгендігін дәлелдеу керек.
- 11.7 Басқарманың отырыстары қажет болған жағдайларда басқарма Төрағасының төрағалығымен, ал ол болмаған жағдайда Басқарма Төрағасының Орынбасарымен өткізіледі.
- 11.8 Басқарма, егер оның отырыстарында басқарма мүшелерінің 3/2 қатысып отырса, шешім қабылдауға құқылы болады. Басқарманың шешімдері басқарманың отырыстарына қатысып отырған басқарма мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар саны тең болған жағдайда Басқарма Төрағасының даусы шешуші болады. Басқарманың шешімдері басқарманың хаттамаларымен және қаулыларымен ресімделеді.
- 11.9 Басқарма Төрағасының қызметтері, құқықтары және міндеттері заңнамамен, осы Жарғымен, онымен және қоғам арасында жасалған жеке еңбек шартымен анықталады. Жеке еңбек шартына қоғам атынан атқарушы органның басшысы, директорлар кеңесінің Төрағасы немесе ол үшін жалпы жиналыспен не болмаса директорлар кеңесімен уәкілетті етілген тұлға қол қояды.
- 11.10 Қоғам Басқармасының Төрағасы:
 - 1) акционерлердің жалпы жиналысының және директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
 - 2) қоғам атынан үшінші жақтарға қатысты сенімхатсыз әрекет етеді;
 - 3) қоғамды үшінші жақтарға қатысты танытуда сенімхаттар береді;
 - 4) қоғам жұмыскерлерін жұмысқа алу, ауыстыру және жұмыстан босатуды жүргізеді, оларға қатысты ынталандыру шараларын қолданады және тәртіптік жазалауды

- белгілейді, қоғам жұмыскерлерінің лауазымдық жалақыларының және қоғамның штаттық кестесіне сәйкес жалақыларға арнайы үстемелердің мөлшерін белгілейді, қоғамның атқарушы органының және ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін жұмыскерлерден басқа, қоғам жұмыскерлерінің сыйақы мөлшерлерін анықтайды;
- 5) қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарды бекітеді;
 - 6) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін орындауды орынбасарына жүктейді;
 - 7) қоғамның басқарушы жұмыскерлерінің арасында міндеттерді, сонымен қатар өкілеттік пен жауапкершілік саласын бөледі;
 - 8) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, қоғамның Жарғысымен, акционерлердің жалпы жиналысының және директорлар кеңесінің шешімімен белгіленген өнеге қызметтерді атқарады.

12. Ішкі аудит қызметі

- 12.1. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жүргізу үшін мөлшері 3 адамнан кем болмайтын ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін.
- 12.2. Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлері директорлар кеңесінің және атқарушы органның құрамына тағайындала алмайды.
- 12.3. Ішкі аудит қызметі тікелей директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында өз жұмыстары жайлы есеп береді.

13. Қоғамның ақпаратты жариялауы

- 13.1. Қоғам өз акционерлеріне Заңға және осы Жарғыға сәйкес қоғам акционерлерінің мүддесіне қатысы бар өз қызметі жайлы ақпаратты хабарлайды.
- 13.2. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде жариялымға жататын акционерлік қоғамның және акционерлердің хабарламаларын және өзге ақпараттарын жариялау үшін қолданылатын баспа басылымдары - "Казахстанская правда" және/немесе "Егемен Қазақстан" газеттері.
- 13.3. Қоғам акционерінің талабы бойынша қоғам Заңмен қарастырылған құжаттардың көшірмесін ұсынуға міндетті.
- 13.4. Акционер ақпаратты алу мақсатында жазбана түрде қоғамның атқарушы органына жүгінеді. Акционердің жүгінуі қоғамның кірісіне есеп жүргізетін журналында тіркелу қажет. Қоғам акционерге талап етілген ақпаратты (талап етілген құжаттардың көшірмесін) жүгінген кезден бастап отыз күнтізбелік күн ішінде ұсыну қажет.
- 13.5. Құжаттардың көшірмесін ұсынудың төлем мөлшері қоғаммен анықталады және құжаттардың көшірмесін жасауға кеткен шығындардың құнынан және құжаттарды акционерге жеткізумен байланысты кеткен шығындардан айналуы тиіс.


14. Қоғамды қайта құру және тарату

- 14.1. Қоғам акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де негіздер бойынша қайта құрылуы немесе таратылуы мүмкін.
- 14.2. Қоғамды қайта құрудың және таратудың тәртібі Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік актілерімен реттеледі.

15. Қорытынды ережелер

- 15.1. Осы Жарғымен реттелмеген барлық мәселелерде қоғам Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.
- 15.2. Осы Жарғы заңнамамен белгіленген тәртіпте мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күшіне енеді.

"RG Brands" АҚ
Басқармасының Төрағасы


Жапаралинов А.С.